

**«Шығыс Қазақстан Облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы»**

**Ұлттық әдебиет және
өлкетану орталығы**

**«Қош бол, балғын бастауыш!»
(«Бастауышпен қоштасу» мерекесі, 4-сынып)**

Өскемен қаласы, 2016 ж.

Қатысушылар:

Түлкі

Мысық

Мальвина

Буратино

Зал мерекеге сай безендірілген. Көңілді әуен ойналып тұрады. Музыка әуенімен ортаға балаларды ертіп Мальвина кіреді.

Мальвина:

Кешегі сәби балаңыз,

Жарады міне қараңыз.

Ғылым, білім жолына,

Енді қайық саламыз.

- Бақытты балдырғандар, ардақты ата-аналар, құрметті меймандар, Бастауышпен қоштасу мерекесі құтты болсын! *(балаларға қарап)* Достар, сендер 5-сыныпқа баруға дайынсыңдар ма?

Балалар: Иә.

Мальвина: Бәрекелді, мен де сендердің білімді, өнерлі екендіктеріңе сенімдімін. Мерекелеріңе арнап ән салып берейін.

Мальвина ән айтады. Ән айтып жүрген ол өзінің биік басқышқа шығып кеткенін байқамай қалады.

Мальвина: Ой, балалар, мен мына биіктен қалай түсем? Енді қайттім?

Осы кезде музыка әуені қосылып ортаға Буратино келеді.

Буратино: Сәлем, ой, мен қайда келдім, сендер кімсіңдер?

Балалар: Біз-оқушылармыз.

Мальвина: Келгенің қандай жақсы болды. Менің мына биіктен түсуіме көмектесші.

Буратино: Мұнша биікке қалай шығып кеткенсің? Мен де шығайын.

Мальвина: Жо-жоқ, шықпа, екеуіміз құлаймыз. Мен қорқамын.

Буратино: Ха-ха, осыдан да қорқа ма екен?

Мальвина: Буратино, егер сен менің биіктен түсуіме көмектессең, мен саған жазуды, есепті үйретемін.

Буратино: Жазу, есеп?

Мальвина: Иә, иә, жұмбақтар да шешесің.

Буратино: Жарайды, қане, қолыңды бер.

Буратино Мальвинаның биіктен түсуіне көмектеседі.

Мальвина: Рахмет.

Осы кезде жағымсыз музыка әуені ойналып, ортаға Түлкі мен Мысық кіреді.

Түлкі: Ә, ә, бәрі осында жиналып алыпты.

Мысық: Айтыңдар қане, Буратино қайда?

Мальвина: Буратиноны қайтпексіңдер?

Түлкі: Әрине, алып кетеміз.

Түлкі мен Мысық Буратиноны қолтығынан көтеріп алып кетпек болады.

Мальвина: Тоқтаңдар, мен Буратиноға білім үйретіп білімділер еліне барса деп едім.

Түлкі: Ха-ха, білімділер елі дейді.

Мысық: Ақымақтар елі тұрғанда білімділер еліне барып қажеті қанша?

Мальвина: Балалар, мына екеуі шынымен Буратиноны алып кетпек пе? Енді қайттік? Мүмкін екеуін райларынан қайтарармыз? Түлкішек, Мысық, мүмкін екеуің бұл ойларыңнан қайтарсыңдар? Әлде, бізге қояр шарттарың бар ма?

Түлкі: Әй, Мысық, мыналар біз не айтсақ та орындағалы тұр. Қане, шартымызды қояйық.

Мысық: Ендеше, ән айтып, би билеп біздің көңілімізді көтерсін!

Мальвина: Қане, балалар, өнерімізді көрсетіп, Буратиноны құтқарайық.

Балалар өнері

Түлкі: Мысық достым, мына бүлдіршіндер шынымен өнерлі екен. Бірақ біз Буратиноны бәрібір өзімізбен алып кетсек қайтеді? Ұят болмай ма?

Мысық: Ұят болады деген не сөз? Әрине, алып кетеміз.

Түлкі мен Мысық Буратиноны алып кетеді.

Мальвина: Қап, өтірікшілер-ай! Енді Буратиноны қалай құтқарсақ екен? Балалар, айтыңдаршы, берген уәделерінде тұрмаған Түлкі мен Мысықтың ісі дұрыс па? Сендер де осылай өтірік айтасыңдар ма?

Балалар: Жоқ, дұрыс емес, біз өтірік айтпаймыз.

Осы кезде музыка әуені қосылып залға Буратино келеді.

Мальвина: Буратино, сен Түлкі мен Мысықтан қашып кеттің бе?

Буратино: Мен оларды адастырып кеттім. Қане, олар келмей тұрғанда тезірек білім үйреніп алайын.

Мальвина: Дұрыс айтасың, қане, жайғасып отыр.

Буратино партаға отырады.

Мальвина: Алдымен есеп шығарайық. Сенде екі алма бар.

Буратино: Өтірік, менде ешқандай алма жоқ.

Мальвина: Мысалға айтамын. Сенде екі алма бар дейік. Оның біреуін досыңа бердің. Қанша алма қалды?

Буратино: Екі алма.

Мальвина: Мұқият бол, екі алманың бірін досың алды. Қанша қалды?

Буратино: Екі. Мен ешкімге алмамды бермеймін!

Мальвина: Есеп шығаруға ешқандай қабілетің жоқ екен ғой өзіңнің. Жарайды, әріптермен таныс болайық.

Буратино: Әріптер?

Мальвина: Иә, әріптер. Мысалы сенің атың – Буратино. Атыңды жазып үйрен. Мынау сия сауыт (*сия сауытты ұсынады*).

Буратино сия сауыттың ішін көрмекші болып, сиясын дәптеріне төгіп алады.

Мальвина: Ой, қандай ебің жоқ баласың?

Буратино өкпелеп қалады.

Мальвина: Ой, ұлдарға білім беру қандай қиын еді (*ыза болып жылайды*).

Осы кезде залға Түлкі мен Мысық қайта кіреді.

Буратино: Ой, мына екеуі мені тағы іздеп жүр ме?

Түлкі: Ә, бәлем, мұнда екенсің ғой?

Мысық: Бәсе, айтпап па едім саған осында шығар деп?

Түлкі: Бізді адастырып, құтылып кетпек болдың ғой? (*Буратиноға тап береді*)

Мальвина: Түлкішек, Мысық, сабыр етіңдер. Ашуланғаннан не пайда? Одан да бізбен бірге барлық адамға пайдалы білім үйреніңдер.

Түлкі: (*кекесінді үнмен*) Білім дейді ғой, біз онсыз да бәрін білеміз.

Мысық: Иә, иә, бәрін білеміз.

Буратино: Онда жұмбақ шешіп көріңдерші.

Слайд арқылы жұмбақ жасырылады.

1. Иесі оның сәби,
Әрі төсек, әрі үй. (бесік)
2. Бала біткен соғады,
Жеңіл шарды домалақ.
Ұрсаң, ұшып жоғары
Жерге түсер домалап. (доп)
3. Ұрлап ішіп, үйде сүтті қоймайды,
Өз құйрығын өзі қуып ойнайды. (мысық)

(Түлкі мен Мысық жұмбақтың жауабын шеше алмайды. Оларға балалар көмектеседі)

Буратино: Жарайсыңдар, достар!

Мальвина: Міне көрдіндер ме, сендерге мына бүлдіршіндер көмектесті. Сендер өздерің жауаптарын дұрыс таба алмадыңдар.

Түлкі: Маған жұмбақ шешкен ұнамайды. Сендерді жеп қойғым келіп тұр.

Мальвина: Олай болса, қызықты ойын ойнайық.

Мысық: Дұрыс айтасың, ойнайық.

«Аттамақ» ойыны (*Алдымен Мысықты аттатып көрсетеді, Балалармен бірге Мысық пен Түлкі де кедергілерден өтеді*)

Буратино: Ойындарың сондай қызық екен. Біздің балалар енді өнерлерін көрсетпек.

Балалар өнері

Мысық: Түлкішек, мына балалардың ойындары да, өнерлері де мені қызықтырып барады. Енді кім жылдам жүгіретіндігін көрсек қайтеді?

Түлкі: Кім епті екенін байқасақ байқайық.

«Поровозик» ойыны

Мальвина: Біздің ортамызда өнерлі балалар көп. Тағы бір ән тыңдайық.

Балалар өнері

Буратино: Достар, ән айтып, би билеуге қалай қарайсыңдар?

«Караоке», «Сергіту сәті»

Мысық: Балалардың білімді, өнерлі екендіктерін көріп мен өте қызығып кеттім.

Түлкі: Осыншама өнерді, білімді бұлар қайдан үйренген, кім үйреткен?

Мальвина: Әрине, мұғалім үйреткен.

Көзге ыстық партасы,

Оқулығы картасы,

Оқу қызық болғаны,

Мұғалімнің арқасы.

Қане балалар, ұстазымызға өнерімізбен алғысымызды білдірейік.

Мұғалім сөз сөйлейді

Буратино: Достар, біз де сендердей үлгілі, білімді болсақ дейміз.

Ер жетеміз өсеміз,

Елге қызмет етеміз.

Түлкі мен Мысық:

Мұғалімнің айтқанын,

Мықтап миға тоқимыз.

Мальвина:

Сөз береміз сіздерге,

Кілең беске оқимыз!

Көңілді музыка әуенімен мереке аяқталады.

Құрастырған:

Тексерген:

Камалиева Қ.Қ.

Кенжебекова Н.М.